

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2007 жылғы 1 мамырдағы ағымдағы жағдайы**

2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 77 филиалы мен 74 өкілдігі бар. Алматы қаласында 11 қор және Қарағанды қаласында 1 қор («Жинақтаушы зейнетақы «Валют-Транзит» қоры» АҚ), Жезқазған қаласында 1 қор («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, корпоративті) және Ақтөбе қаласында 1 қор («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

Заңды тұлғаларға 2007 жылғы сәуір айында зейнетақы жарналарын тарту бойынша және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия берілмеді.

12 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, оның ішінде 6 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі - «БТА Қазақстан»), «Капитал» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Отан» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Агенттік Басқармасының 2007 жылғы 12 сәуірдегі № 92 қаулысына сәйкес «Актив Инвест» ЗАИБЖАҰ» АҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айырылғанын атап өту керек.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны сәуір айында 72 181 (0,83%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 8 808 807 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда болды: «МЖЗҚ» – 27,38%, «Қазақстан Халық Банкі» – 20,41%, «ҰларҮміт» – 15,02% және «БТА Қазақстан» – 8,84% немесе олардың үлесіне салымшылардың (алушылардың) шоттарының жалпы санының 71,65% келеді. Ағымдағы жылдың сәуір айында 4 қордың үлесі бұрынғы деңгейде сақталды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны ағымдағы жылдың сәуір айында 452 (1,17%) өсіп, 2007

жылғы 1 мамырда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 689,8 млн.теңгені құрап 39 028 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 49,36%, «ҰларҮміт» - 15,36% және «Капитал» – 15,07% және «Д.А.Конаев атындағы» - 12,61% немесе осы 4 қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 92,40% келді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі» қорында болды. Салымшылардың жалпы саны 2007 жылғы 1 мамырда 3 804 құрады, дербес зейнетақы шоттарында 38,4 млн.теңге болды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттары санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.05.06ж.	01.05.07ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)
- міндетті зейнетақы жарналары бойынша	7 873 175	8 808 807	935632	11,88
- ерікті зейнетақы жарналары бойынша	32 726	39 028	6 302	19,26
- ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	3 658	3 804	146	3,99

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары**

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары сәуір айында 23,1 млрд. теңгеге (2,40%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 986,7 млрд. теңгені құрады.

2006 жылы жинақталған зейнетақы қаражаттардың орташа айлық өсімінде 21,8 млрд. теңге болса, ағымдағы жылдың қаңтар-сәуірінде ол 19,2 млрд. теңгені құрады немесе 2,6 млрд.теңгеге (11,93%) төмендеді.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны жинақтаушы зейнетақы жүйесінің өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:


(в млрд. теңге)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны (% -бен)
01.05.2004	397,6	100,6	33,87
01.05.2005	530,5	132,9	33,43
01.05.2006	738,7	208,2	39,25
01.05.2007	986,7	248,0	33,57

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының абсолютті өсу барысында олардың өсу қарқынының 2006 жылғы 1 мамырдан бастап 2007 жылғы 1 мамырға дейінгі кезеңде 5,68 пайыздық тармаққа төмендегенін көруге болады.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: «Қазақстан Халық банкі» – 28,35%, «МЖЗҚ» – 17,83%, «ҰларҮміт» – 17,47%, «БТА Қазақстан» – 9,71% және «ГРАНТУМ» - 6,34% жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасынан. Жиынтығында, осы 5 қорға жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 79,70% келді.

### 2007 жылғы 1 мамырдағы қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының құрылымы



Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **«таза» инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2007 жылдың 1 мамырдағы жағдай бойынша 270,2 млрд. теңге болды немесе 2007 жылғы 1 сәуірмен салыстырғанда 2,25%-ға өскен.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(в млрд. теңге)

Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.05.2004	99,6	16,9	20,44	25,05
01.05.2005	127,5	27,9	28,01	24,03
01.05.2006	199,3	71,8	56,31	26,98
01.05.2007	270,2	70,9	35,57	27,38


Көрсетілген кестеде «таза» инвестициялық кірістің 2004 жылғы 1 мамырдан бастап 2007 жылғы 1 мамырға дейінгі өсу қарқыны 15,13 пайыздық тармаққа ұлғайғаны байқалады. Бірақ 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдаймен салыстырғанда «таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны 20,74 пайыздық тармаққа төмендеді

Орташа айлық өсімі барысында - 8,4 млрд. теңге, ағымдағы жылдың қаңтар - сәуірінде ол 2,3 есе төмендеумен 3,6 млрд.теңге болғанын атап өту керек.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылдың 1 мамырдан бастап 2007 жылғы 1 мамырға дейін 2,33 пайыздық тармаққа ұлғайды. Бұл ретте ағымдағы жылдың сәуірінде үлес 0,04 пайыздық тармаққа кеміді.

Жалпы зейнетақы жарналардың түсуі сәуірде 18,2 млрд. теңгеге (2,48%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 751,6 млрд. теңгені құрады.

#### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** өсуде, ол 2007 жылғы 1

мамырдағы жағдай бойынша 6,1 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылдың 1 сәуірімен салыстырғанда 2,49% өсті. Өткен жылдың тиісінше кезеңімен салыстырғанда өсімпұл сомасы 1,7 млрд. теңгеге немесе 40, 27%-ға ұлғайды.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарға аударымдары наурызда 1,2 млрд. теңгеге (2,38%) өсіп, 2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 53,4 млрд. теңге болды, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитет шарттары бойынша аударылған жинақталған зейнетақы қаражаттарының сомасы 113,3 млн. теңге құрады. Ағымдағы жылдың қаңтар – сәуір айларында зейнетақы аннуитет шарттары бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылған жинақталған зейнетақы қаражаттарының сомасы 0,6 млн. теңге болды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттар аударымы наурызда 5,7 млрд. теңгеге (3,68%) өсіп, 2007 жылғы 1 мамырда 160,4 млрд. теңге болды.


Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 37,3%, «ҰларҮміт» - 14,7%, «Валют-Транзит Қор» – 12,0% «Қазақстан Халық Банкі» - 11,2%, «БТА Қазақстан» - 6,20% «ГРАНТУМ» - 6,0% және немесе осы 6 қорға аударымдардың жалпы сомасының 87,4% келеді.

### **Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы**

2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 сәуірден бастап 23 508 млн. теңгеге немесе 2,44%-ға өсіп 986 821 млн. теңге болды.

2006 жылғы 1 мамырдан бастап 2007 жылғы 1 мамыр аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 20,5 млрд. теңге болды.

Жиынтық зейнетақы активтері көлемінің өзгеру динамикасы  
Динамика изменения совокупного объема пенсионных активов



Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
1	2	3
«Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ»	280 424	28,42
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ "	176 135	17,85
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	171 834	17,41
«ҰларҮміт» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	171 834	17,41
«ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы» БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	95 897	9,72
«Bailyk asset management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	79 580	8,06
«Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	5 129	0,52
«МұнайГаз – Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	23 850	2,42

«СЕНІМ» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	36 855	3,73
«Қорғау» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	13 746	1,39
<b>«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ</b>	<b>62 543</b>	<b>6,34</b>
«ГРАНТУМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	62 543	6,34
<b>«Premier Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ</b>	<b>27 324</b>	<b>2,77</b>
«Жинақтаушы зейнетақы Валют-Транзит Қоры» АҚ	27 324	2,77
«Нұр-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ	<b>25 393</b>	<b>2,57</b>
«Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	25 393	2,57
<b>«Капитал» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</b>	<b>23 545</b>	<b>2,39</b>
«Отан» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	<b>22 410</b>	<b>2,27</b>
«Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	<b>21 736</b>	<b>2,20</b>
<b>Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>986 821</b>	<b>100,00</b>

2007 жылғы 1 мамырда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2007 жылғы 1 сәуірден бастап 12 721 млн. теңгеге немесе 1,33%-ға өсіп 969 437 млн. теңгені құрады.

#### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.05.2007ж.	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	<b>270 178</b>	<b>27,87</b>
ҚР еурооблигациялары	672	0,07

Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	194 394	20,05
Ұлттық Банктің ноттары	75 112	7,75
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>73 553</b>	<b>7,59</b>
акциялар	2 233	0,23
облигациялар	71 320	7,36
<b>Шетел инвестициялық қорлардың пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0,00</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>0</b>	<b>0,00</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>2 965</b>	<b>0,30</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>9 857</b>	<b>1,02</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>442 597</b>	<b>45,65</b>
акциялар	167 544	17,28
облигациялар, оның ішінде	275 053	28,37
АҚШ долларына номинирленген	1 334	0,14
теңгеге номинирленген	272 768	28,14
<b>Екінші деңгейдегі банктердің салымдары</b>	<b>168 760</b>	<b>17,41</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>1 527</b>	<b>0,16</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>969 437</b>	<b>100,00</b>



Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2007 жылғы 1 сәуірмен салыстырғанда 9 893 млн. теңгеге немесе 3,53%-ға кеміп, 270 178 млн.теңге немесе 27,87% болды. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің кемуі 2007 жылғы сәуір айында 7 829 млн. теңге немесе 1,80% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 6 779 млн. теңгеге немесе 4,19%-ға өсіп, 168 760 млн.теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерін екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жоқ. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2 965 млн.теңгені (0,30%) құрады. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 7,59% болды, бұл 2007 жылғы 1 сәуірдегі ұқсас көрсеткіштен 0,38 пайыздық тармаққа көп.

### **Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер**

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша 2007 жылғы 1 мамырдағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 2002 жылғы сәуір – 2007 жылғы сәуір кезеңіне - 49,41%;
- 2004 жылғы сәуір – 2007 жылғы сәуір кезеңіне – 28,27%;
- 2006 жылғы сәуір – 2007 жылғы сәуір кезеңіне – 9,14% құрады.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мәндері туралы ақпарат [www.afn.kz](http://www.afn.kz). Web-сайтында орналастырылған.

### **Қорлардың қаржылық жағдайы**

Ағымды жылдың қаңтар - сәуір айында қорлардың қаржылық жағдайы мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

	(в млн. теңге)		
	01.01.07	01.05.07	Өсімі (%-бен)
Жарғылық капитал	6 501,0	8 501,0	30,76
Қалыптасқан резерв капиталы	1 662,0	4 135,2	2,5 есе
Бөлінбеген кіріс (өтелмеген шығын) оның ішінде а. ж. қаңтар - сәуірде	11 288,5	8 457,6	25,08 (төмендеу)

Оның ішінде ағымдағы жылдың қаңтар - сәуірде		911,4	-
Меншік капитал барлығы	20 598,1	23 004,0	11,68
Міндеттемелер	1 815,9	1 779,3	2,02 (төмендеу)
Активтердің барлығы	22 414,1	24 783,3	10,57
Қаржылық инвестициялар	13 676,9	17 923,2	31,05

Берілген кестеде қорлардың меншікті капиталы ағымдағы жылдың қаңтар - сәуірде 2 405,9 млн. теңгеге немесе 11,68% өсті, қаржылық инвестициялар – 4 246,3 млн.теңге (31,05%) өсті.

Ағымдағы жылдың қаңтар - сәуір айында 4 қор: «Валют-Транзит қор», «Нефтегаз-ДЕМ», «Мұнайгаз-ДЕМ», «Қорғау» және «Сенім» жалпы сомасы 543,7 млн.теңге шығын жасады атап көрсету керек. Бірақ жалпы қорлар бойынша (табыс салығын төлегеннен кейін) жалпы сомасы 911,4 млн. теңге таза кіріс алды.

#### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының сипаттайтын көрсеткіштердің динамикасы	ролін қатысты	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.05.07
ЖІӨ млрд.теңге		4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 464,1
Зейнетақы активтерінің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен		7,99	8,24	8,70	8,97	7,92
Жинақталған зейнетақы жарналарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен		5,99	6,48	6,88	6,74	6,03
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен		2,15	1,95	2,08	2,52	2,17
Қорлардың меншіктік капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен		0,14	0,14	0,16	0,20	0,18